

Успен ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 23 тамыздағы "Кеткен аудандық мәслихат депутатының орнына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы" № 290/8 қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Павлодар облысы Успен аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 6/1 қаулысы. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 25 қаңтарда № 5833 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46 бабы 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес, Успен ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Успен ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 23 тамыздағы "Кеткен аудандық мәслихат депутатының орнына кандидаттардың үгіт-насихат баспа материалдарын орналастыру үшін орын белгілеу туралы" № 290/8 қаулысының күші жойылды деп танылсын (2010 жылдың 22 қыркүйекте Павлодар облысы Успен ауданының Әділет басқармасында № 12-12-96 тіркелген, 2010 жылғы 09 қазандағы "Сельские будни" аудандық газетінде № 41 жарияланған).

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Успен ауданы әкімі аппаратының басшысына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Саламацкий